

Тұрғын үйді техногендік және табиғи апаттардан толықтай сақтандыру.

Мүлікті залалдан ерікті сақтандыру.

Қазіргі заманда мүлікті сақтандыру қаржылық қауіпсіздіктің ажыратылмас бөлігі болып барады. Расында, залалдан сақтандыру – бұл күтілмеген оқиғалардың салдарын азайтуға болатын тиімді құрал.

«Виктория» Сақтандыру компаниясының мамандары мүліктің әрқелкі түрлерін кешенді сақтандырудың ережелерін әзірледі, оның ішінде жекелеген шарттармен сақтандырылған эксклюзивті объектілерге арналған арнайы бағдарламалар да бар.

Ең алдымен сақтанушы өз меншігінде қандай мүлік түрлері бар екенін және нені сақтандырғысы келетінін – жылжымалы мүлікті ме, жылжымайтын мүлікті ме, немесе соларды бірге ме, анықтап алуы тиіс.

Сақтандыру ережесінде тәуекелдердің– сақтандыру объектісіне залал келтіруі мүмкін оқиғалардың алуан тізімі қарастырылған. Тәуекелдер тізімін сақтанушының өзі дербес таңдауына немесе компанияның маманымен кеңесуіне болады. Тәуекелдер арасында келесілер болуы мүмкін: жер сілкінісі, өрт, ұшу аппараттарының құлауы, сондай-ақ сирек кездесетін және экзотикалық оқиғалар. Сонымен қатар, тәуекелдер табиғи және техногендік болып бөлінетінін назарға алу керек.

Табиғи тәуекелдер: су тасқыны, нөсер жауын, қар жауу; дауыл, дауылды жел, құйын; жер сілкінісі, көшкін, опырылып құлау; ормандағы және даладағы өрт; күн күркіреу, найзағай...

Техногендік тәуекелдер: электр желілеріндегі, қазандықтардағы, жылыту желілеріндегі апаттар; тұрмыстық газдың жарылуы; қысқа тұйықталу нәтижесінде болған өрт; су құбырынан немесе жылыту жүйесінен су ағу; мердігерлердің кінәсінен немесе техникалық ақаулардың нәтижесінде құрылымдардың құлауы; мүліктің қирауына әкеп соқтырған апаттар (мысалы, құрылыс кранының құлалуы); өндірістік апаттардың нәтижесінде қоршаған ортаның ластануы.

Тәуекелдер түрі қаншалықты көп таңдалса, сақтандыру жағдайының ықтималдығы соншалықты жоғары және, тиісінше, полистің құны да жоғары болады. Мысалы, Алматы жағдайында қазіргі сейсмикалық тұрғыдан тұрақты ғимараттар үшін сақтандыру құны – объект құнының 0,3%-ынан 5%-ына дейінгі мөлшерін құруы мүмкін.

Сақтандыру келісімшартын жасау кезінде ең басты үш көрсеткішті анықтап алу қажет:

1. Сақтандыру объектісінің құны.

Жаңа объектілер үшін (мысалы, автомобильдер мен пәтерлер) сатып алу құны пайдаланылады. Бұрын қолданыста болған объектілер үшін кәсіби бағалаушы әзірлеген нарықтық құнның бағасы.

2. Сақтандыру кезеңі.

Әдетте, сақтандыру кезеңі бір жылды құрайды. Кезеңді былай көрсетудің себебі – бір жыл ішінде объектінің күй-жайы мен оның нарықтық құны аса өзгере қоймайды және көрсеткішті шартты түрде тұрақты деп санауға болады.

3. Сақтандыру тарифі.

Сақтандыру тарифі таңдалған тәуекелдер тобына, объектінің техникалық жағдайына, сондай-ақ оның құрылымдық және пайдалау сипаттамаларына байланысты. Мысалы, заманауи стандарттармен және нормативтермен салынған үй сақтандыру кезінде кабельдер желісі ескірген немесе басқа да ақаулары бар үйге қарағанда арзан бағаланатын болады. Объектінің барлық көрсеткіштерін компанияның мамандары бағалайтын және сақтанушымен келісетін болады.



4.

Білу маңызды: Мүліктің кейбір түрлері сақтандыруға қабылданбайды.

Ондай ерекшеліктерге келесілер жатады: ескірген ғимараттар, қолма-қол ақшалар, бағалы қағаздар, көлік құралдары және антиквариат. Алайда, кейбір

жағдайларда аталған объектілер қосымша төлемақы үшін сақтандырылуы мүмкін.

Сақтанушыға сақтандыру шарттары мен ережелері түсіндірілгеннен кейін, сондай-ақ тарифтер көрсетілгеннен соң, сақтандыру келісімшарты қағаз түрінде немесе электронды түрде жасалады.

Келісімшартта сақтандыру шарттары, тараптардың міндеттері мен сақтандыру жағдайы басталған кезде не істеу керектігі нақты көрсетіледі.

Екі тарап та сақтандыру жағдайының басталуын болдырмауға тырысса да, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы ол жөнінде сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Егер орын алған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылса, залалды бағалау рәсімі жүзеге асырылады. Ол үшін сақтандыру компаниясы тәуелсіз сарапшыларды тартуы мүмкін. Бағалау рәсімі сақтанушының қатысуымен жүргізіледі. Залалдың мөлшерін анықтап алғаннан кейін келісімшартта белгіленген мерзімде сақтандыру төлемі төленеді.

Әрине, сақтандырушы эмоционалдық шығындарды немесе күйзелістерді өтей алмайды, алайда мүлікті – әрі жылжымалы, әрі жылымайтын мүлікті қайта қалпына келтіруге жұмсалатын қаржылық шығындарды өтеп береді. Осылайша үлкен материалдық залалдардан құтылуға болады.

Апат болған жағдайда, оның салдары орасан бүлдірулерге әкелуі мүмкін. Алайда, егер мүлік сақтандырылған болса, оның иесі өтемақы ала алады. Залалдарды өтеу қалай жүзеге асырылатынын көрелік.

Табиғи немесе техногендік апаттар (жер сілкінісі, су тасқыны, көшкін, дауыл, өндірістік апаттар және т.б.) болған жағдайда, егер сол тәуекел келісімшартқа енгізілген болса ғана сақтандыру төлемі төленеді. Оқиғаның басталу фактісін уәкілетті органдар: Қазгидромет, ТЖМ, санитарлық және экологиялық қызметтер тарапынан құжаттармен расталуы қажет.

Егер келісімшартты жасаған сәтте қарастырылып жатқан аумақ төтенше жағдайлар аймағы деп ресми түрде танылған болса, онда сақтандырушыға жауапкершілік артылмайтынын түсіну қажет.

Сақтандыру сомасы қалай айқындалады?

Сақтандыру сомасы – сақтанушының қолына тиетін өтемақының максималды мөлшері. Сақтандыру сомасын тараптар алдын ала келіседі және мүліктің нақты құнынан аспауы тиіс.

Мұнда түрлі тәсілдер қолданылады:

- **мүліктің толық құны бойынша;**
- **шектелген сома бойынша** (нарықтық құннан төмен);

- **алғашқы тәуекел принципі бойынша** — сақтандыру төлемі жалпы залалға қарамастан, белгіленген лимит көлемінде төленеді.

Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын ұсынылған сақтандыру қорғанысы үшін төлейді. Оның сомасы дербес есептеледі және келесілерге байланысты:

- сақтандыру сомасы;
- тәуекел деңгейі;
- келісімшарттың шарттары (франшиза, мерзімі және т.с.с.);
- объектінің сипаттамасы (орналасқан жері, материалы, қауіпсіздік жүйесі).

сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе бөліп төлеуге болады. сақтандыру төлемін төлеуді кешіктірген жағдайда сақтанушының білуі қажет нәрселер: сақтандырушы келісімшарттың қолданысын уақытша тоқтатуға немесе тіптен тоқтатып тастауға құқылы.

Апатты алдын алу білу мүмкін емес, бірақ оның салдарынан келетін залалды азайтуға болады. Сақтандыру – бұл тек қана ресмилік емес, өз үйін, мүлкін және тыныштығын қорғау тәсілі.

Кеңес: Мүліктің техникалық жағдайын тұрақты тексеріп жүріңіз. Маңызды құжаттар мен бағалы заттарды қорғалатын жерде сақтаңыз. Төтенше жағдайы басталған кезде жасалатын іс-әрекеттер жоспарын жасаңыз.

Мүлікті сақтандыру туралы толығырақ ақпаратты компанияның www.vic.kz сайтынан немесе +7 (727) 279 55 80 телефон нөмірі арқылы алуға болады.